Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл, эвгленалы балдырлардан және кірпікшелі инфузориялардан құралды. Диатомды балдырлардан *Caloneis amphibia* және *Surirella spiralis* жиі кездесті. Жасыл балдырдан *Cladophora*, *Coelastrum*, *Rhizoclonium* және *Scenedesmus* туыстары кездесті. Өткен айдың сапроб индексімен салыстырғанда, сәл жоғарылауы байқалды. Яғни 1,84 көрсетті. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-нысанның уыттылық әсері байқалмады.

Өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы 0% тең болды.

### **Қара Кеңгір өзені**

Зоопланктон сынамаcы орташа дамыды. Ескекақты шаяндар басымдылық танытып, зоопланктон санының 100% құрады. Орташа түрлер саны – 3. Орташа жалпы саны 0,42 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 3,57 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі – 1,80, яғни орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон нашар дамыды. Жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 63% құрады. Жалпы саны мен биомассасы 1,53 мың кл/см<sup>3</sup>, 0,054 мг/дм<sup>3</sup>. Сынамадағы түрлер саны – 7. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,99, яғни үшінші класқа сәйкес орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тест-көрсеткіш Жезқазған қ."Кеңгір су қоймасынан 0,2 км төмен" – 0%, Жезқазған қ." АО "ПТВС" ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен " - 3%, Жезқазған қ." АО "ПТВС" ағынды сулар шығарылымынан 5,5 км төмен " - 0% құрады. Зерттелінген өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

### **Самарқан су қоймасы**

Зоопланктон су сынамаcы орташа дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, зоопланктон санының 67% құрады. Ескекақты шаяндар - 33%, домалақ құрттар - 0% кездесті. Жалпы орташа саны 0,75 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 8,00 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,51, яғни , орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон жақсы дамыды. Саны мен биомассасы бойынша жасыл балдырлар басымдылық танытып, жалпы биомассаның 44% құрады. Жалпы саны 0,36 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы 0,035 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 19. Сапроб индексі 1,83, яғни, 3 класс, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Перифитонда диатомды, жасыл, көк-жасыл, пиропитті және эвгленалы балдырлар кездесті. Диатомды балдырлардан *Symbella lanceolata*, *Epithemia sorex*, *Navicula gracilis*, ал жасыл балдырлардан: *Coelastrum microporum* және *Pediastrum biradiatum* жиі кездесті. **Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады.** Сапроб индексі 1,78, су класы - үшінші.

Зообентостың түпкі фаунасықосжақаулы ұлулардан (*Bivalvia*): *Pisidium casertanum* және *Unio pictorum* құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Алынған мәліметтер тест-нысанға ұйыттың әсер етпейтні анықталынды.

### **Кеңгір су қоймасы**

Зоопланктон нашар дамыды. Домалақ құрттар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 100% құрады. Орташа саны 0,5 мың дана/м<sup>3</sup>, 0,125 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,55, су класы – үшінші, яғни орташа ластанған.

Фитопланктон орташа дамыды. Негізін жасыл балдырлар құрады. Жалпы орташа саны 0,14 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,019 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,82. Су класы – 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға ұйытты әсер етпейді.

### **Балқаш көлі**

Зоопланктон зерттелген аймақта сапасы жағынан тұрақты, саны жағынан жақсы дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 76% құрады. Орташа саны 3,77 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 67,77 мг/м<sup>3</sup>. Орташа индекс 1,67 құрады. Су класы - 3, орташа ластанған су сапасын көрсетті.

Фитопланктон негізін диатомды балдырлар құрады. Жалпы саны 0,06 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,004 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Су сынамасындағы түр саны – 4. Сапроб индексы 1,39-1,77 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,64 құрады. Су класы - 3, сапасы орташа ластанған.

Биотестілеу нәтижелері төмендегідей: Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км – 0%, Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км - 3%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км – 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км - 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км – 0%, Тараңғалық шығанағы, А130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 0%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 0%, бұқта Бертыс, А107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО

"Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км – 0%, Сары-Есік түбегі, Ұзынарал бұғазы - 0%, Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігінен 25 км - 0%, Солтүстік-Шығыс бөлігі, Қаратал өзенінің сағасынан 5,5 км - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді (6 Қосымша).

8.8 Ихтиологиялық мониторинг. Балық терісіндегі сынаптың құрамы

2020 жылдың шілде айында Нұра (Балықты т/ж стансасы), Самарқан және Ынтымақ су қоймаларында ихтиологиялық сынама алынды. Барлығы 1-3 жылдық 30 дара ағзалар алынды (5 кесте).

Балық етіндегі сынап мөлшерінің шекті жол берілген шоғыры:

- 0,3 мг/кг –жыртқыш емес тұщы судағы балық,
- 0,6 мг/кг - жыртқыш тұщы судағы балық.
- Балық етіндегі сынаптың мөлшерімүлдем болмауынан 0,14 мг/кг дейін болды.

Ынтымақ су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы судағы балықтағы сынаптың максималды мөлшері 0,068 мг/кг - 0,14 мг/кг.

Нұра өзені, Балықты т/ж стансасы тұстамасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың ең үлкен мөлшері 0,010мг/кг болды.

Самарқан су қоймасындағы жыртқыш емес тұщы су балығындағы жалпы сынаптың мөлшері 0,011 мг/кг. (5 –кесте)

### **2020 жылғы шілдедегі кәсіптік балықтар терісіндегі сынаптың мөлшері (морфометриялықсипаты, сынамадағы жалпы сынаптың шоғыры)**

5-кесте

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
<b>Нұра өзені, Балықты теміржол стансасы (шілде)</b>					
1	Табан балық	18,5	130,0	3+	<0,005
2	Табан балық	17,2	111,0	3+	<0,005
3	Табан балық	20,5	125,0	3+	<0,005
4	Табан балық	20,3	127,1	3+	<0,005
5	Табан балық	19,0	123,0	3+	<0,005
6	Кәдімгі алабұға*	18,4	88,0	3+	<0,005
7	Кәдімгі алабұға*	18,3	83,7	3+	0,010
8	Кәдімгі алабұға*	17,7	80,0	3+	0,008
9	Кәдімгі алабұға*	12,0	20,0	1+	<0,005
10	Кәдімгі алабұға*	7,0	16,0	1+	<0,005
<b>Самарқан су қоймасы (шілде)</b>					
11	Табан балық	18,0	139,5	3+	0,010
12	Табан балық	19,0	141,0	3+	0,010
13	Табан балық	20,3	150,0	3+	0,011

N р/с	Түр атауы	L, см	Q, г	жасы, жыл	Сынап мөлшері, мг/кг
14	Табан балық	20,7	123,0	3+	0,009
15	Табан балық	20,8	126,0	3+	0,006
16	Табан балық	17,0	120,0	2+	0,006
17	Табан балық	19,0	119,0	2+	0,005
18	Табан балық	15,0	113,0	2+	0,005
19	Табан балық	15,4	114,0	2+	0,005
20	Табан балық	14,2	97,0	2+	0,005
<b>Ынтымақ су қоймасы (шілде)</b>					
21	Табан балық	21,7	177,0	3+	0,092
22	Табан балық	23,0	140,0	3+	0,078
23	Табан балық	13,8	117,0	3+	0,14
24	Бозша мөңке	14,0	119,0	2+	0,10
25	Бозша мөңке	16,0	170,0	2+	0,12
26	Бозша мөңке	17,0	180,0	2+	0,10
27	Бозша мөңке	17,3	185,0	2+	0,11
28	Торта балық	13,0	37,0	3+	0,068
29	Торта балық	11,5	34,0	2+	0,072
30	Торта балық	11,2	32,0	3+	0,074

\* - ЖЫРТҚЫШ БАЛЫҚТАР

#### 8.8 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 9 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Қарқаралы, Сары-шаған, Жанаарқа, Киевка Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№6 ЛББ) мен Теміртау қаласының (№2 ЛББ) 2 автоматты бекеттерінде бақылау жүргізілді (8.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04– 0,40 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 8.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,4 – 2,3 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,7 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



8.6 сур. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі


### 9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	Қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3			Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородин көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
4			Маяков көшесі	



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (сурет.9.1), атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* бағаланды, ПНЗ №2 (Бородин к-сі, №142 үй ауданы) азот диоксиді бойынша СИ=1,9 (көтеріңкі деңгей) және НП = 0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Азот диоксидінің орташа айлық концентрациясы-1,33 ШЖШ, қалған ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Азот диоксидінің ең жоғары бір реттік концентрациясы-1,90 ШЖШ<sub>м.р.</sub>, қалған ластанушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


## 9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
6			мешіттің маңы	



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануына жалпы баға.** Стационарлық торабының бақылау деректемелері бойынша (сурет 9.2), атмосферлық ауа ластануының деңгейі **төмен** бағаланды, көміртегі оксиді бойынша бойынша №6 бекет ауданында (мешіт жанында) және СИ =0,8 (төмен деңгей) белгілеуімен анықталды және НП = 0% (төмен деңгейі).

Ластанушы заттардың орташа айлық шоғырлануы ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың ең жоғарғы-бір реттік шоғырлануы ШЖШ-дан аспады. (1-кесте).

Атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.


### 9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, аммиак



9.3 сур. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануына жалпы баға.** Стационарлық торабының бақылау деректемелері бойынша (сурет 9.3), атмосферлық ауа ластануының деңгейі *төмен* бағаланды, СИ = 0,9 ( төмен деңгей) (сүрет 1,2 ) және НП= 0 % (төмен деңгей) қалқыма заттар бойынша белгілеуімен анықталды.



\* РД сәйкес, егер СИ және НП әр түрлі градацияларға түсетін болса, онда ауаның ластану дәрежесі осы индикаторлардың ең жоғары мәні бойынша бағаланады.

Қалқыма заттардың орташа айлық шоғырлауы ШЖШ-дан аспады.

Ластаушы заттардың ең жоғарғы-бір реттік шоғырлануы ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

#### **9.4 Лисаков қаласының эпизодтық бақылауларының деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Лисаков қаласында ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Лисаков қ.*).

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон концентрациялары өлшенді.

Ластаушы заттардың шоғырлануы рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 -кесте

Лисаков қаласының бақылау деректері бойынша ластанушы заттардың ең жоғары концентрация

Анықталатын қоспалар	Іріктеу нүктелері	
	№ 1	
	qm мг/м3	qm/ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,34	0,67
Азот диоксиды	0,17	0,85
Күкірт диоксиды	0,34	0,69
Көміртегі оксиды	2,60	0,50
Азот оксиды	0,22	0,55
Күкіртсутегі	0,006	0,75
Озон	0,03	0,18

#### **9.5 Дружба кентінің эпизодтық бақылауларының деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Дружба кенті ауаның ластануын бақылау 1 нүктеде жүргізілді (*№1 нүкте – Дружба к.*).

Қалқыма бөлшектердің (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі және озон концентрациялары өлшенді.

Ластаушы заттардың шоғырлануы рұқсат етілген норма шегінде болды (5.2-кесте).

5.2 - кесте

Дружба кентінің бақылау деректері бойынша ластанушы заттардың ең жоғары  
концентрации

Анықталатын қоспалар	Іріктеу нүктелері	
	№ 1	
	қгм мг/м <sup>3</sup>	қгм/ШЖШ
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,21	0,41
Азот диоксиды	0,00	0,00
Күкірт диоксиды	0,50	1,00
Көміртегі оксиды	0,95	0,20
Азот оксиды	0,06	0,15
Күкіртсүтегі	0,008	1,00
Озон	0,03	0,16

### 9.6 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қостанай облысының аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су объектілерінде жүргізілді – Тобыл, Әйет, Тоғызақ, Үй өзендері.

Тобыл өзені өз бастауын Көкпекті және Бөзбие өзендердің қосылу орнында Оңтүстік Орал таулардың арасында алады, Қазақстан Республикасының Қостанай облысы арқылы дала және кең алқапта ағады. Қазіргі уақытта Тобыл су қоймасы каскадымен реттелген. Желқуар (Жітіқара қ.), Жоғарытобыл (Лисақов қ.), Қаратомар, Сергеев (Рудный қ.) және Аманкелді (Қостанай қ.) су қоймалары құрылды. Одан әрі Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облыстары арқылы Тавды, Тура, Исет, Обаған, Үй, Аят, Тоғызақ өзендерінің суын өзіне ала отырып, Тобольск қаласының ескі ауданында Ертіс өзеніне құяды.

Бірыңғай классификация бойынша судың сапасы келесідей бағаланады:

#### Тобыл өзені:

- Гришенка с. селодан 0,2 км төмен, су бекеттің тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 37,8 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қостанай қ., 1 км ағызудан жоғары Қалалық су арна басқармасының су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 50,2 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қостанай қ.тұстамасы, қаладан 10 км төмен, су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 43,0 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Милютинка с., селоның шегінде, су бекеттің тұстамасында су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар – 57,3 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Тобыл** өзеннің ұзындығы бойынша су температурасы 17,8-27,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,45-7,70, суда еріген оттегінің концентрациясы –5,93-7,75 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> – 0,31-3,48 мг/дм<sup>3</sup> барлық тұстамада.

Тобыл өзеннің ұзындығы бойынша су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар -47,1 мг/дм<sup>3</sup>.

#### **Әйет өзені**

Әйет өзеннің су температурасы 16,2°С деңгейінде, сутегі көрсеткіші 7,51, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,52 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> – 3,17 мг/дм<sup>3</sup>.

- Варваринка с., селодан 0,2 км жоғары су бекеттің су сапасы 4 класқа жатады: магний – 45,0 мг/дм<sup>3</sup>. Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан аспайды.

#### **Тоғызақ өзені**

Тоғызақ өзендегі су температурасы 29,0°С деңгейде, сутегі көрсеткіші 7,58, суда еріген оттегінің концентрациясы – 8,63 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> – 3,47 мг/дм<sup>3</sup>.

- Тоғызақ ст. СБ қарай 1,5 км, су бекеттің су сапасы нормаланбайды (>5 кластан): қалқыма заттар – 55,6 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

#### **Үй өзені**

Үй өзендегі су температурасы 28,0 °С деңгейде, сутегі көрсеткіші – 7,59, суда еріген оттегінің концентрациясы – 7,59 мг/дм<sup>3</sup>, БПК<sub>5</sub> – 4,35 мг/дм<sup>3</sup>.

- Үй селодан Ш қарай 0,5 км, су бекетте су сапасы нормаланбайды (>5 класс): қалқыма заттар - 59,6 мг/дм<sup>3</sup>. Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Бірыңғай жіктеме бойынша Қостанай облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы 2020 жылдың шілде айында келесідей бағаланады: 4 класс - Әйет өзені; нормаланбайды (>5 класс): Тобыл, Үй, Тоғызақ өзендері (4 кесте).

2019 жылғы шілдемен салыстырғанда Тобыл, Тоғызақ өзендерінде су сапасы нашарлаған, Әйет өзенінде - су сапасы жақсарған.

#### 9.7 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны

Гамма сәулелену деңгейіне бақылау 6 метеорологиялық станцияларында (Қостанай, Қарабалық, Қарасу, Жітіқара, Қараменді, Сарыкөл) кү сайын өткізілді және 4 атмосферлық ауа ластануына бақылау автоматты бекеттерінде Қостанай қ (ЖБП № 2, ЖБП № 4), Рудный (ЖБП № 5, ЖБП № 6) (9,4 сурет)

Атмосфераның беткі қабатының радиациялық гамма-фоны фонның орташа мәні 0,06-0,19 мкЗв/сағ аралығында болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фоны 0,11 мкЗв/сағ құрады және қолайлы шегінде болды.

#### 9.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфера беті қабатының радиоактивті ластануының мониторингі Қостанай облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларында (Жітіқара, Қостанай) көлденең планшеттермен ауа сынамаларын алу арқылы жүргізілді (9.4-сурет). Станцияда бес тәуліктік сынама алынды.

Атмосфераның беткі қабатындағы радиоактивті құлаудың орташа тәуліктік тығыздығы 1,2-2,0 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша тұндырудың орташа тығыздығы 1,5 Бк/м<sup>2</sup> құрады, бұл рұқсат етілген деңгейден аспайды.



9.4 сур. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі


### 10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).

10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Шұғыла шағынауданы, 24-а үй, Мұратбаев көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді
3			Қойсары батыр к-сі	қалқыма бөлшектер (шаң),күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.1 сур. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **төмен деңгейлі ластану** болып бағаланды, СИ=0,81 (төмен деңгей), ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы қала бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік және орташа айлық шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).

10.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі **төменгі деңгейлі ластану** болып бағаланды, СИ=1,0 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% анықталды (1.2-сур.).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың орташа айлық шоғырлары озон – 2,42 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, басқа ластаушы заттар ШЖШ<sub>0.т.</sub>-дан аспады (1-кесте).

Жалпы кент бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).


### 10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

10.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретама кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *төменгі деңгейлі ластану* болып бағаланды, СИ=0,34 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Жалпы кенті бойынша ластаушы заттардың максималды-бірлік және орташа айлық заттар шоғырлары ШЖШ-дан аспады

#### **10.4 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы**

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті сулары сапасын бақылау 2 су объектісінде (Сырдария өзені және Арал теңізі) жүргізілді.

Бірыңғай жіктеме бойынша су сапасы келесідей бағаланады:

##### **Сырдария өзені:**

- Төменарық бекеті, Түркістан қаласынан ОБ 46 км тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация– 1421,3 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты - 430 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 30,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қызылорда қаласы, 0,5 км қаладан жоғары, 12 км су бекетінен төмен тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 30,5 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 1473,3 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 440 мг/дм<sup>3</sup>. Магний және сульфаттар концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация концентрациясы фондық кластан асады.

- Қызылорда қаласы, 3 км қаладан төмен тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1475,75 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты - 450 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 36,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, сульфаттар және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Жосалы кенті, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1465,15 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты - 450 мг/дм<sup>3</sup>. Минерализация және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

- Қазалы қаласы, қаланың ОБ бөлігінен 3 км, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1475,6 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаты - 450 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 30,5 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, сульфаттар және минерализация нақты концентрациясы фондық кластан асады.

Қаратерең ауылы, су бекетінде тұстамасы: су сапасы 4 класқа жатады: магний – 36,6 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 1506,1 мг/дм<sup>3</sup>, сульфат – 460 мг/дм<sup>3</sup>. Магний нақты концентрациясы фондық кластан аспайды, минерализация және сульфаттар нақты концентрациясы фондық кластан асады.

**Сырдария өзені бойымен:** өзен суының температурасы 24-25°С, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 6,9-7,4 суда еріген оттегінің концентрациясы 5,14-6,26 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 1,3-1,6 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі 15-44 градус, мөлдірлігі 21 см, иісі 0 балл барлық тұстамада.



Сырдария өзені бойы бойынша су сапасы 4 класқа жатады: минерализация – 1469,5 мг/дм<sup>3</sup>, сульфаттар – 446,7 мг/дм<sup>3</sup>, магний – 31,5 мг/дм<sup>3</sup>.

Қызылорда облысы аумағында су нысандарының Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылдың шілдеде су сапасы төмендегідай бағаланды: 4 класс-Сырдария өзені (4 кесте).

2019 жылдың шілдемен салыстырғанда Сырдария өзені су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

#### **Арал теңізі:**

**Арал теңізі бойымен:** өзен суының температурасы 25°С, сутектік көрсеткіштің орташа мәні 7,9, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,46 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 1,3 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ – 8,5 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар-10 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация – 1649,5 мг/дм<sup>3</sup>, түстілігі - 43 градус, мөлдірлігі – 21 см, іісі - 0 балл.

#### 10.5 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Шиелі, Қызылорда) және Қызылорда қаласы (№3 ЛББ) мен Ақай(№1 ЛББ),Төретам (№1 ЛББ) кенттерінің 3 автоматты бекетінде бақылау жүргізілді (10.4 - сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,03-0,38 мкЗв/сағ. аралығында болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 10.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияларда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.4-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,2-1,8 Бк/м<sup>2</sup> аралығында болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

10.7 сур. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

## **11.Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі**


### **11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі**

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, №3 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,сульфаттар, көміртегі оксиді,азот диоксиді, аммиак,күкірт қышқылы
4			22 шағынаудан, №22 мектеп аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді,сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді,күкірттісутегі, аммиак, озон



11.1-сурет. Актау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=6,3 (жоғары деңгей) PM-2,5

қалқыма бөлшектері бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) және ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері бойынша № 6 бекет аумағында (31 шағын аудандан) анықталды (1,2-сур.).

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары: РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,94 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 6,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 4,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


## 11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутегі, гамма сәулеленудің эквивалентті дозасының қуатылығы
2			Бостандық шағынауданы, Ш.Маханбетова 14А, №20 мектеп аумағында	



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төмен** деңгейде болып бағаланды, СИ=0,9 (төмен деңгей) көміртегі оксиді бойынша № 1 бекет аумағында (әкімдіктің жанында) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) (1,2-сур.).

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары ШЖШ - дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


### 11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкіртті сутегі, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі **көтеріңкі** деңгейде болып бағаланды, ол  $EЖҚ=8\%$  (көтеріңкі деңгей) мәнімен күкіртті сутегі бойынша №7 бекет аумағында (Бейнеу ауданы, Восточная) және  $СИ=1,5$  (төмен деңгей) мәнімен анықталды (1,2 -сур.).

*\*БҚ сәйкес, егер СИ мен ЕЖҚ әртүрлі мәнді көрсетсе, онда атмосфераның ластану деңгейі мейлінше көп мәнмен бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Ластаушы заттардың максималды-бір реттік шоғырлары: азот диоксиді –  $1,1 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$ , күкіртті сутегі –  $1,5 \text{ ШЖШ}_{\text{м.б.}}$ , басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

#### **11.4 Қошқар-Ата қалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі**

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максимальды шоғыры

Анықталатын қоспалар	$q_m$ мг/м <sup>3</sup>	$q_m$ /ШЖШ
Қалқымабөлшектер (шан)	0,042	0,084
Күкірт диоксиді	0,004	0,009
Көміртегі оксиді	3,02	0,60
Азот диоксиді	0,006	0,03
Азот оксиді	0,010	0,024
Күкіртті сутегі	0,002	0,190
Көмір сутегі сомасы	1,17	-
Аммиак	0,013	0,066
Гамма-фон, мкЗв/сағ.	0,18	-

### 11.5 Маңғыстау облысы аумағындағы Каспий теңізі суының сапасы

Орталық Каспий су температурасы 17,2-28,0°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші -7,7-8,22, суда еріген оттегі -8,01-9,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,0-1,5 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ-10,598 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар -11,22 мг/дм<sup>3</sup>, минерализация-7763,269 мг/дм<sup>3</sup> болды .

### 11.6 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 4 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар-Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (№1, №2 ЛББ) 2 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,18 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

### 11.7 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,2 – 1,9 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.7 сур. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 12. Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

### 12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті
2			Айманов көшесі,	сутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі

			26	
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM 10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
4			Қазправда көшесі	қалқыма бөлшектер(шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы
5			Естай көшесі, 54	PM 2,5 қалқыма бөлшектері, PM 10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак
6			Затон көшесі, 39	PM 2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак.
7			Торайғыров-Дүйсенов көшесі	PM 2,5 қалқыма бөлшектері, PM 10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), аммиак



12.1-сурет. Павлодар қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=1,4 (төменгі



деңгейі) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгейі) күкірттісутегі бойынша № 7 бекет аумағында (Торайғыров-Дүйсенов көшесі) мәндерімен анықталды (1,2-сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Орташа айлық шоғырлар бойынша: озон (жербеті) – 1,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: азот диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірттісутегі – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


## 12.2 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.2-кесте).

12.2 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, ерігіш сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшкүр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.2-сур. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=1,2 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ=0% (төменгі деңгей) күкірттісутегі бойынша № 1 бекет аумағында (М. Жүсіп көшесі, 118/1) мәндерімен анықталды(1,2-сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ- дан аспады (1-кесте).

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: күкірттісутегі – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


### 12.3 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.3-кесте).

12.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі,4«Г»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, радиациялық гамма фон қуаттылығы



12.3-сур. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі **төменгі деңгейде** болып бағаланды, ол СИ=1,4 (төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) көміртегі оксиді бойынша № 1 бекет аумағында (Өуезов көшесі, 4 «Г») мәндерімен анықталды (1,2-сур.).

*\*БҚ -ға сәйкес ЕЖҚ және СИ әр түрлі градацияға түскен жағдайда атмосфералық ауаның ластану дәрежесі ең үлкен мәні бойынша бағаланады.*

Ластаушы заттардың орташа айлық шоғыры ШЖШ- дан аспады (1-кесте).

Максималды бір-реттік шоғырлар бойынша: көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауадағы жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.

## 12.4 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Павлодар облысы аумағында жер үсті суларының ластануын бақылау 4 су объектінде – Ертіс өзенінде, Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр көлдерінде жүргізілді.

Ертіс өзені ҚХР аумағында бастау алады және Шығыс Қазақстан облысы арқылы өтеді.

### **Ертіс өзені:**

- Май а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., 3 км МАЭС ағынды сулар шығарымынан жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Ақсу қ., МАЭС ағынды сулар шығарымынан 0,8 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., қаладан 22 км жоғары, Кенжекөл ауылынан 5 км оңтүстікке қарай тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ. құтқару станциясы ауданындағы тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 1,0 км жоғары тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Павлодар қ., "Павлодар – Водоканал" ЖШС шығарымынан 0,5 км төмен тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Мичурино а., ауыл шегінде тұстама: су сапасы 1 класқа жатады.
- Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұстамасында: су сапасы 1 сыныпқа жатады.

**Ертіс** өзенінің барлық тұстамаларында су температурасы 23,0–25,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,24 – 8,33, суда еріген оттегі концентрациясы 8,07 – 9,16 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,51–1,75 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 18-20 градус, иісі 0 балл.

Ертіс өзенінің ұзындығы бойынша су сапасы 1 класқа жатады.

### **Жасыбай көлі:**

Су температурасы 21,0 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 9,00, суда еріген оттегі концентрациясы 7,88 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ - 73 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар 12,4 мг/дм<sup>3</sup>, құрғақ қалдық 608 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 10 градус, иісі 0 балл.

**Сабындыкөл көлі:**

Су температурасы 20,5 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 8,90, суда еріген оттегі концентрациясы 7,68 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,38 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ 75 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар 13,4 мг/дм<sup>3</sup>, құрғақ қалдық 568 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 11 градус, иісі 0 балл.

**Торайғыр көлі:**

Су температурасы 20,7 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 9,30, суда еріген оттегі концентрациясы 7,49 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,19 мг/дм<sup>3</sup>, ОХТ 77 мг/дм<sup>3</sup>, қалқыма заттар 16,2 мг/дм<sup>3</sup>, құрғақ қалдық 924 мг/дм<sup>3</sup>, түсі 13 градус, иісі 0 балл.

Бірыңғай жіктеме бойынша 2020 жылғы шілде айы бойынша Павлодар облысы аумағындағы су объектілерінің су сапасы келесідей бағаланады: 1 класс– Ертіс өзені (4 кесте).

2019 жылғы шілдемен салыстырғанда Ертіс өзенінің су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

#### 12.5 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ)4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.6 сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,04-0,23 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

#### 12.6 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 1,1 – 1,7 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,3 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6-сур. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы

### 13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі

#### 13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 17	қалқыма бөлшектері (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі, 16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон, күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), аммиак



13.1 сур. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

